

Ақпараттық кеңістікті дамытудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 1133 Қаулысы
Ақпараттық кеңістіктің тиімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамынан "Ел Арна" және "Caspionet" акционерлік қоғамдарын бөлу жолымен оны қайта ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*